

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Ч.1 - Б.24-26

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ №11,12 ШАҒЫН АУДАНДАРЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ АЛҚА АҒАШТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мазаржанова Қ. М., Әмірова Ж.

Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы еліміздің тіршілігіндегі барлық салаларда тұрақтылыққа қол жеткізудің қағидаларын, мақсаттарын, міндеттері мен негізгі құрылымдарын көрсетіп отырса, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік дамудың ықпалдасуы арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған біртұтас процесс ретінде қарастырылып отыр. Осыған байланысты елімізде жасыл құрылысқа деген көзқарас өзгеріп, қаланы көгалдандыру жоспарлаудың ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар қалалық геосистеманың маңызды құрушы компоненті және оның тұрақты дамуы болып табылатындығынан жете көңіл бөліне бастады. Бұл тұрғыдан халықтың материалдық және мәдени өмір сүру деңгейін арттыру қаланы абаттандыру мәселелері, қалада алқаағаштар қалыпты өмір сүру жағдайларын қалыптастыруда, ландшафт пен эстетикалық көріністе маңызды рөл атқаратындықтан, жұмыстар қарқынды жүргізіле бастады.

Қала құрылысы стандарттары қаланың көгалдандырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Олар қала аумағының 50%-ы жасыл кеңістікке (55-60%) және шағын аудандардың 60-70% болған жағдайда қала тұрғындарының әрқайсысына жасыл аймақ шамамен 60 м²-ге жуық болады, бұл дәрежеге жету жоспарланып отыр [1, 2].

Қаланың микроклиматын реттеудегі алқа ағаштардың қаланың нақты дамуымен салыстырғанда маңызды рөлге ие. Ағаштар мен бұталар желдің жылдамдығын едәуір азайтады, көлеңкелердің жоғары деңгейлігін қамтамасыз етеді, ауа айналымын арттырады, оттегі мен биоцидтерді босатады, азот оксидтерін, күкірт, көміртегі және тұнба шаңды сіңіреді.

Қаладағы алқаағаштарды молайту және оларды сақтап қалу жолында инвентаризация жұмыстары атқарылуы тиіс [3]. Жасыл алқаағаштардың түр құрамы, құрылымы, ағымдағы жағдайын анықтау, оларды орналастыру үшін деректер базасын және картографиялық схемаларын жасауды жүргізу керек.

Осы мәселелерді ескере отырып, зерттеу жұмысын Ақтөбе қаласындағы №11,12 шағын аудандарда жүргізілді.

Зерттеу жұмысын әдебиеттерге шолудан басталып, міндеттері құрастырылып, зерттеу әдістемесі жасалынды.

Ақтөбе қаласындағы №11,12 шағын аудандарындағы алқаағаштардың таксациялық өлшемдері арнайы өлшеуіш құрылғылары арқылы алынды.

Барлық жұмыстар жалпы орманшылық әдістемелеріне сәйкес жүзеге асырылды. Шағын ауданда орналасқан әр ағашқа реттік номер беріліп, бақылау жүргізіліп, жеке-жеке әр ағаштың ерекшеліктері жазылып тіркелінді [4].

Тексеру және бақылау барысында екпелердің жалпы тіршілікке бейімділігі, санитарлық және өсу жағдайын анықтау үшін «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында алқаағаштарды күтіп-ұстаудың және қорғаудың, абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы ережесіне сәйкес 2 тарау, 1 параграфына көрсетілгендей сәйкес нысан бойынша алқаағаштар тізіліміне енгізілетін, есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан алқаағаштарды түгендеу және орман-патологиялық зерттеу арқылы жүзеге асырылды.

Ағаштардың таксациялық көрсеткіштері: діңін өлшеуде «Өлшеуіш сызғыш» қолданылды, ал биіктігі арнайы электронды биіктік өлшегішпен жүргізілді. Барлық таксациялық көрсеткіштердің мәліметтері, күні, айы, жылы, орындаушылар, алқаағаштардың санаттары далалық журналға тіркелінді.

Ағаш және бұта түрлерінің өсу және даму жағдайлары барлық жинақталған мәліметтер нәтижесінде алдымен арнайы эскизге жоба түсіріліп, өлшем бірлігіне қарай орналастырылды.

Жоба нақтыланып, барлық жинақталған мәліметтер нәтижесінде AutoCAD бағдарламасы арқылы компьютерде электронды карта жасалынып, белгіленді.

Зерттеу жұмысында алқаағаштар әртүрлі категорияларда қарастырылды. (1-сурет).



1-сурет. Алқаағаштарды категорияларға бөлу

Аалқаағаштар категориясы бойынша негізгі 7 топқа бөлінді. Біріншісі, түрлеріне қарай яғни ол ағаш немесе бұта, және қылқанды немесе жапырақты ағаштар болып бөлінді. Екіншісі, жас топтары бойынша яғни 1-60 жас аралықтарымен ажыратылды. Үшіншісі, биіктіктері бойынша 1 м-21 м аралығында көрсеткіштер алынды. Төртіншісі, кеуде тұсы биіктігі бойынша диаметрлерді көрсетілді. Бесіншісі, санитарлық жағдайына қарай бөлу жұмыстары жасалды. Алтыншысы, аурулар мен зиянкестеріне қарай анықталды. Жетіншісі, шаруашылық қызмет көрсетті.

Зерттеу жұмыстары төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді.

Түрлері бойынша: №11 шағын аудандасаны жағынан ең көптаралғаны - бұтақты қарағаш 2277 дана (38,15%); №12 шағын ауданда саны жағынан ең көптаралғаны – мырзатерек 1660 дана (26,83%);

Жас топтары бойынша: №11 шағын ауданда 1 - 10 жасқа дейінгі ағаштар мен бұта түрлері – 2319 дананы немесе 38,85% . 41- 60 жасқа дейін - 23 дана немесе 0,38% және 60 –тан жоғары - 22 дана (0,37%); №12 шағын ауданда 1 жылдан 10 жасқа дейінгі ағаш және бұта түрлері 4003 дана немесе 64,7% құрайды, 21 жылдан 30 жылға дейін - 286 дана немесе 4,6% және 31-ден 40 жасқа дейін - 94 дана (1,5%) болды.

Санитарлық жағдайы бойынша: №11 шағын ауданда сау ағаштар мен бұталардың саны 2251 дана (37,71%), әлсірегені - 3428 дана (57,43%), қатты әлсірегендері - 30 дана (0,50%), кеуіп жатқандары - 36 дана (0,60%), қурағандары - 28 дана (0,47%), қауіпті жағдайдағы - 190 дана (3,18%) және 6 данасы кесілген (0,10%). Әлсіреген ағаштар басым 57,43% бөлікті құрады. №12 шағын аудан аумағында сау ағаштар мен бұталардың саны 4619 (74,67%), әлсірегендер - 1357 (21,94%), кеуіп бара жатқандары - 17 (0,27%), 15 дана (0,24%) және қурағандары- 105 дана (1,69%).

Шаруашылық қызмет көрсетілуіне қарай: №11 шағын ауданда ағаштар мен бұталардың басым көпшілігі 4004 данасы немесе 67,08% - на күтім белгіленді. №12 шағын ауданда барлық зерттелген ағаштар мен бұталардың басым көпшілігі 5387 данасы немесе 87,1% - на күту жұмыстары жүргізіледі.

Осы зерттеу жұмыстары аясында, ағаштар мен бұталардың түр құрамы, биіктігі, жасы, жағдайы, таксациялық көрсеткіштері есептелді. Барлық сандық көрсеткіштер компьютерлік бағдарламаларға (AutoCAD) енгізіліп, карта-схема түрінде нақты көрсетілді.

Қалада инвентаризациялау, көгалдандыру жұмыстары уақытылы жүргізіліп тұрғандықтан, алқаағаштардың даму динамикасын жақсы деуге болады, сонымен қатар мерзімді күтіп-баптау жұмыстары, болашақта қаланың жасыл желекке орануына ықпалын тигізеді деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі

1. Theodore T. Kozlowski, Paul J. Kramer, Stephen G. Pallardy and Jacques Roy. The Physiological Ecology of Woody Plants . -1990. ISBN: 978-0-12-424160-2.

2. Yared Girma, Heyaw Terefea, Stephan Pauleitb, Mengistie Kindu. Urban green spaces supply in rapidly urbanizing countries: The case of Sebeta Town. «Society and Environment», Volume 13, January 2019, P. 138-149.

3. Ramesh Anguluri, Priya Narayanan . Role of green space in urban planning: Outlook towards smart cities. «Urban Forestry&Urban Greening». July 2017, Pages 58-65.

4. Алексеев А. С. Теоретические основы государственной (национальной) инвентаризации лесов Текст. / А.С.Алексеев // Лесное хоз-во 2009.-№ 4.-с.31-33